

«БЕКІТІЛГЕН»  
«Қызылорда медициналық жоғары колледжі»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының  
Байқау кеңесінің «31 » май 2019 ж.  
шешімі



**«Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын  
қызметкерлерінің, директорының, оның орынбасарларының, бас  
есепшінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйақы беру  
және материалдық көмек көрсету туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңының, кәсіпорының Жарғысы, 2001 жылғы 29 тамыз Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» №1127 қаулысы, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, казыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне өндекшілдегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңың басшылыққа ала отырып өзірленген.
2. Осы ереже (бұданәрі – Ереже) кәсіпорын қызметкерлеріне, директорына, оның орынбасарларына, бас есепші лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйақы беру және материалдық көмек көрсету қарым-қатынастарды реттейді.

### **2. Сыйақы беру шарттары.**

3. Сыйақы беру Кәсіпорын қаражаттарды үнемдеу есебінен жүзеге асырылады
4. Кәсіпорында кредиторлық берешегі болған жағдайда жұмыскерлерге сыйықы берілмейді.
5. Сыйақы беруге жұмыскердің қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:
  - 1) еңбек тәртібін сақтау;
  - 2) жұмыстың оң нәтижелері бойынша;
  - 3) лауазымдық міндеттерді үлгілі орындау, мінсіз, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін;

- 4) осы кәсіпорынның қалыпты (үздіксіз) жұмыс істеуі оның шұғыл орындалуына байланысты болатын кезек күттірмейтін және алдын ала күтілмеген жұмыстарды орындау;
- 5) мемлекеттік және кәсіби мереке күндеріне.
6. Жұмыскерге сыйақы келесі жағдайда берілмейді:
  - 1) оның алынбаган тәртіптік жазасы болған кезде;
  - 2) кәсіпорында бір айдан кем жұмыс істеген болса;
  - 3) сынақ мерзімінен өту кезеңінде;
  - 4) бала күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыста болған кезде;
  - 5) жүктілікке және босануға байланысты демалыста болған кезде;
  - 6) 3 ай және одан көп мерзімге жалақы сақталмайтын демалыста болған кезде;
  - 7) 4 ай және одан көп мерзімге еңбекке жарамсыз болған жағдайда.
7. Жұмыскерлерге берілетін сыйақының мөлшері үнемделген қаржы есебіне байланысты әр жұмыскердің жұмыс жасаған уақытын ескере отырып, кәсіпорын директорының бұйрығымен рәсімделінеді.
8. Кәсіпорынның директорына, оның орынбасарларына мен бас есепшісіне сыйақы уәкілетті органның шешімінің негізінде беріледі.

### **3. Ұстемақы беру.**

9. Жұмыскерлерге лауазымдық жалақысына ұстемеақылар келесі жағдайда беріледі:
  - 1) оқыту кабинеттерін (зертханаларды, шеберханаларды, оку-консультациялық пункттерді) менгергені үшін лауазымдық айлықақыдан (әрі қарай - ЛА) - 25 %;
  - 2) оқулықтардың кітапханалық қорымен жұмыс істегені үшін ЛА-дан - 30 %;
  - 3) сыйып жетекшілігі (топ жетекшілігі) үшін ЛА-дан - 25 %;
  - 4) техникалық жұмыскерлеріне залалсыздандырығыш заттармен жұмыс істегені үшін ЛА-дан - 30 %;
  - 5) барлық жұмыскерлеріне ЛА-дан - 10 %.
10. Кәсіпорынның директорына, оның орынбасарларына мен бас есепшісіне лауазымдық жалақысына ұстемақылар уәкілетті органның шешімінің негізінде беріледі.

### **4. Материалдық көмек**

11. Көп балалы аналарға және жалғыз басты аналарға жылына бір рет «Мектепке жол» бағдарлама бойынша 10 000 теңге мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі.
12. Басқа жағдайда материалдық көмек Кәсіпорын кәсіподактың шешімі негізінде беріледі (материалдық көмектің мақсаты мен мөлшері кәсіпорын кәсіподактың шешіміндегі көрсетіледі) немесе колледж Кеңесте қаралады (материалдық көмектің мақсаты мен мөлшері колледж Кеңестің хаттамасында көрсетіледі).